

**Қасқатаева Жанар Алданышқызының «Түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі ортақ және ұлттық ерекшеліктер (қазақ, неміс, ағылшын тілдерінің материалдары негізінде)» тақырыбындағы
6D020500 –Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының
АННОТАЦИЯСЫ**

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Қазіргі антропоцентристік бағыттағы зерттеулерде колоративті лексиканың, «колоронимдердің», түр-түстік таңбалардың болмысын тіл арқылы ашудың теориялық негіздері, яғни лингвомәдени, этномәдени, танымдық, тұрғыдан зерттелуі негізделеді. Қазақ, неміс және ағылшын тілдердегі түр-түс атаулар жүйесін әртүрлі аспектіде талдау туыс емес және жүйесі бөлек тілдер әлемінің түс көрінісіндегі жалпы әмбебап және ұлттық ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыста түр-түс атаулары қалыптасқан өріс принципі бойынша және жалпы тілдің жүйелік қасиетін қамтитын (орталық (центр) және шеткергі (периферия) жүйе ғана емес, сонымен қатар шағын жүйелердің ерекшеліктері мен олардың жиынтығын дәйектейтіні негізделеді. Салғастырылған тілдерде түстерді атау жүйесі өрістік принцип бойынша, яғни ядросы (орталығы) мен перифериясы (шеткі аймағы) арқылы көрсетіліп, өріс элементтері арасындағы парадигматикалық және синтагматикалық қатынастар сипатталады. Парадигматикалық қатынастар синонимдік, антонимдік, гипер және гипонимикалық корреляцияларға негізделіп, түр-түс атауларының семантикалық өрісі ішіндегі жеке микрожүйелер бөлінеді.

Түр-түс атауларының көпқырлылығы мен семантикалық көпмағыналылығы, болмыстың әртүрлі салаларын концептуалдаудағы кең номинативті әлеуеті, жоғары символдығы оларды мәдениеттің негізгі концептілері ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жұмыста үш тілдегі түс компонентті фразеологиялық бірліктердің тақырыптық топтары жіктеледі, түс атауларының семантикалық өрісіне компоненттік талдау жасалды, сондай-ақ түс атауларының фразеологиялық-семантикалық өрісі мен семантикалық сипаты қарастырылады. Үш халық мәдениетіндегі түс атауларының символикасы мен ұлттық-мәдени танымдық сипаты, елтанымдық және ұлттық-мәдени ерекшеліктері, түр-түс әлеміне қатысты аталымдардың ассоциативтік өрісіндегі лексикалық және символдық мағыналары сөз болады.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі кезде тілі, діні, мәдениеті әртүрлі еуропалық халықтар мәдениетіндегі түр-түс атауларын білдіретін сөздер мен сөз тіркестеріне когнитивтік және лингвомәдени талдау жасау арқылы, «түр-түс» атауларының аталған тілдегі ұлттық-мәдени ерекшелігін, сонымен қатар, әлемдік тілдік бейнесінің әр ұлт өкілдері санасындағы құрылған моделін анықтау өзекті болып саналады.

Қазіргі антропоцентристік бағыттағы зерттеулерде тіл мен ұлт, тіл мен мәдениет, тіл мен ойлау, тіл мен психология байланысында қарастыру,

зерделеу өзекті мәселелерге айналды. Оның ішінде тілімізде қалыптасқан түр-түс атауларына деген қызығушылық басым. Өйткені колоративті лексика зерттеушіге халықтың әлемнің тілдік бейнесіне енуіне, сол арқылы халықтың ұлттық палитрасын көрсетуге, дара танымын сипаттауға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Түр-түс мәдениеттің ажырамайтын бөлігі, негізгі ұясы болып табылатындықтан, ол халық санасы арқылы қорытылған әртүрлі деңгейдегі ұлттық мәдени ақпаратты жинақтайды. Түр-түс әлем бейнесінің объективті сипаттамасы ғана емес, бағалаушылық, экспрессивті коннотацияларға толы халық мәдениетінің тірек категориясы болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі семиотикалық және семантикалық тілдік үдерістердің әмбебаптығын, сондай-ақ қазақ, неміс және ағылшын менталдылығымен (ділімен) байланысты олардың бірегейлігін анықтау, түс атауларының тілдік ерекшелігі туралы, түс атауларының мәдени код элементтері ретіндегі кумулятивтік функциясы, олардың әртүрлі тілдердегі әлемді түсіндіру модельдеріндегі рөлі туралы бұрыннан бар білімді тереңдету және толықтыру қажеттілігінен тұратын зерттеу проблемасын туындатты.

Зерттеу жұмысының мақсаты: қазақ, неміс, ағылшын тілдеріндегі түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі ортақ және ұлттық ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеудің мақсатына жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделеді:

– түр-түс атауларының тіл біліміндегі зерттелу тарихы мен зерттеу барысында қалыптасқан бағыттарға шолу жасау;

– түр-түс ұғымдарын беретін атаулардың шығу төркіні, қалыптасуына әсер еткен тарихи-мәдени жайттарды айқындау;

– «түс» лексика-семантикалық өрісінің өзегін (ядросын), таяу шеткі аймағын (перифериясын) және алыс шеткі аймағын анықтау;

– түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі синонимиялық, антонимиялық және гипер-гипонимиялық корреляцияларын саралау;

– түр-түс атауларының ғаламның тілдік бейнесіндегі моделін анықтау (когнитивтік, лингвомәдени және лингвопсихологиялық аспектіде салыстыра-салғастыра зерттеу);

– лексика-семантикалық өріс принципі арқылы қазақ, неміс, ағылшын тілдеріндегі негізгі және қосымша түр-түс атауларын жинастырып жүйелеу, топтастырып талдау;

– ұлттық реңктегі фразеологизмдердің тақырыптық топтарын жүйелеу және фразео-семантикалық өрісіне тілдік талдау жасау;

– түр-түс атауларының үш тілге ортақ сипатын, тіларалық этно-мәдени байланысы мен ұлттық-мәдени сипатын салыстыра-салғастыра зерттеп, аталған үш тілдегі түр-түс атауларының ұлттық дүниетанымдық колоритін, ақпарат көзі болатындығын және лингвотанымдық құндылықтардың ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеудің нысаны: Түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі ортақ және ұлттық ерекшеліктер.

Зерттеудің пәні: Генетикалық және типологиялық құрылымы жағынан әртүрлі қазақ, ағылшын, неміс тілдеріндегі түр-түс атауларын ашатын ұлттық бояуы айқын сөздер мен сөз тіркестері.

Ғылыми зерттеудің әдістері: басты әдіс ретінде ғылыми сипаттау әдістері, оның ішінде лингвистикалық бақылау, жүйелік талдау және синтездеу, жіктеу және жүйелеу, салыстыру және салғастыру әдістері, құрылымдық-семантикалық әдіс және сөздік дефиницияларды талдау әдісі қолданылды. Лексикалық бірліктердің семантикасын компоненттік және контекстік талдау әдістері қолданылды. Семантикалық өріс бірліктерін талдау және қазақ, неміс және ағылшын тілдерінде қолданылу ерекшеліктерін зерттеу барысында ішінара стилистикалық талдау әдісі қолданылды.

Сауалнама және лингвистикалық бақылау кезінде жаппай іріктеу әдісі қолданылды. Зерттеудің интерпретациялық әдістері нәтижелерді, яғни ассоциативті эксперимент барысында алынған нақты мәліметтерді талдауда қолданылды. Түсіндіру әдістеріне деректерді математикалық және статистикалық өңдеу әдістері, атап айтқанда, сауалнама барысында алынған деректерді сандық және сапалық талдау әдістері кірді.

Зерттеудің дереккөздері. Жұмыстың тілдік деректері – қазақ, ағылшын, неміс тілдерінің түсіндірме сөздіктері, фразеологиялық сөздіктер, аударма сөздіктер, сондай-ақ көркем әдебиет туындылары мен мерзімді баспасөз беттерінен мысалдар алынды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі: Зерттеу жұмысын жүргізуде шетелдік, ресейлік және отандық лингвистерден тіл мен мәдениет, тіл мен ойлауға қатысты зерттеу жүргізген В.фон Гумбольдт, Э.Сепир, Б.Уорф, Л.Вайсгербер, М.Хайдеггер, когнитивті лингвистика, концепт, тілдік мәдени концептіге қатысты зерттеулер жүргізген Т.А.Ван Дейк, А.Вежбицкая, А.Брутян, С.А.Аскольдов, Д.С.Лихачев, Ю.С.Степанов, Н.Д. Арутюнова, Е.С.Кубрякова, В.А.Маслова, Ә.Т. Қайдар, М.М.Копыленко, З.К. Ахметжанова, С.Е.Исабеков, Ш.Қ.Жарқынбекова, Н.Н.Аитова, Р.Т.Лауланбекова, А.Исламның ой-пікірлері мен ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеудің **әдіснамасы** жалпы философиялық принциптерге негізделген, оған сәйкес тіл динамикалық қасиетке ие, ашық, коммуникативті және дамып отыратын жүйе ретінде ұсынылады. Зерттеудің жалпы ғылыми әдіснамалық принциптері келесі үштікке негізделген: жүйелілік, антропоцентризм және детерминизм.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Диссертациялық жұмыста қазақ, неміс, ағылшын тілдеріндегі түр-түс атауларына қатысты еркін және тұрақты тіркестерді жинастырып, оларға этно-лингво-мәдени тұрғыдан кешенді талдау жасалынуы зерттеудің жаңалығына жатады:

– қазақ, неміс, ағылшын тілдеріндегі түр-түс ұғымдарын беретін атаулардың шығу төркіні анықталып, бұл тілдердегі негізгі және қосымша түр-түс атаулары топтастырылып талданды;

– қазақ, ағылшын, неміс тілдеріндегі құрамында түр-түс атаулары бар фразеологизмдердің тақырыптық топтары жүйеленіп, фразео-семантикалық өрісіне тілдік талдау жасалды;

– түр-түс атауларының үш тілге ортақ сипаты, тіларалық этно-мәдени байланысы мен ұлттық-мәдени сипаты салыстыра-салғастыра зерттелініп, аталған үш тілдегі түр-түс атауларының ұлттық дүниетанымдық колориті, ақпарат көзі болатындығы және лингвотанымдық құндылықтардың ерекшеліктері айқындалды;

– қазақ, ағылшын, неміс тілдеріндегі түр-түс атаулары когнитивтік, лингвомәдени және лингвопсихологиялық аспектіде алынып, ұлттық танымдық фонының негізінде талданды;

– қазақ, неміс, ағылшын тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдердегі түс лексемалары, адамның психикалық жай-күйін берудегі түстер қолданысы еркін және тұрақты тіркестер құрамында талданып, олардың үш тілге ортақ сипаттары және айырмашылықтары анықталды;

– туыс емес үш халықтың мәдениетіндегі түстердің символикасы және ұлттық-мәдени сипаты геральдикадағы, киім атауларындағы түстердің қолданылуы негізінде сипатталды;

– түр-түс атауларының ассоциативтік өрісіндегі елтанымдық және ұлттық-мәдени ерекшеліктері қазақ тілді аудиторияда ассоциативтік эксперимент негізінде қарастырылып, түр-түс атаулары ұлттық-дүниетанымдық құндылықтар көзі ретінде танылды.

Зерттеудің теориялық маңызы: Жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында лингвомәдениеттану, лексикология, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, аударматану теориясы сияқты ғылыми бағыттар бойынша оқытылатын элективті курстарда теориялық материал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеудің практикалық маңызы: Зерттеу барысында жинақталған тілдік материалды өзгетілді аудиторияда қазақ-неміс-ағылшын тілдерін үйрету сабақтарында лингводидактикалық, танымдық сипаттағы иллюстративтік материал ретінде, сөздіктерді құрастыруда тілдік дерек ретінде, оқу-әдістемелік құралдарды жазуда қолдануға болады.

Қорғауға келесі негізгі тұжырымдар ұсынылады:

1. Салғастырылатын тілдердегі түс атаулары жүйесін әртүрлі аспектіде талдау әлемнің түрлі-түсті тілдік бейнесімен, оны қабылдаудың бірыңғай принциптерімен, жүйелік ұйымдардың біркелкілігімен және әрбір тілдің идио-этникалық ерекшелігімен байланысты әмбебап қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді

2. Көпдеңгейлі құрылымдардан тұратын түс концептілері орталық (ядро) және шеткі аймақ (периферия) қағидаты бойынша ұйымдастырылады. Олардың базалық құрылымдық компоненттері белгілі бір өрістік аймақтарға қатаң бекітілмейді. Оларда әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы, әдет-ғұрыптары бейнеленеді.

3. Қазақ, неміс, ағылшын тілдеріндегі түр-түс атауларына қатысты еркін және тұрақты тіркестерді ортақ сипаттары және айырмашылықтары

тұрғысынан талдау туыс емес үш халықтың мәдениетіндегі түстердің символикасын, түр-түс атауларының ассоциативтік өрісіндегі елтанымдық және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтауға септігін тигізеді.

4. Түс атауларының лексика-семантикалық нұсқаларын қазақ, неміс және ағылшын тілдерін иеленушілердің санасында бар эталондармен салыстыру психолингвистикалық эксперименттер арқылы жүзеге асырылды. Қазіргі заманғы тіл иеленушілердің санасында түс концептілерінің мазмұнын зерттеу психолингвистика эксперименттерінің әдістерін кешенді пайдалану арқылы мүмкін болады. Қазіргі қоғамда кең етек алып отырған жаһандану жағдайында оларды тану үш халықтың ұлттық болмысын түсінуге мол септігін тигізеді;

5. Түс коды адамның ежелгі архетиптік түсініктеріне сәйкес келетін, мәдени нормалар туралы ақпарат беретін, этностың дүниетанымдық ұстанымдарын көрсететін, аксиологиялық тұрғыдан жоғары сипатталатын, яғни «Әлем-Адам» концептуалдық тірегінің барлығын біріктіріп, толықтыратын, адам болмысын кодтайтын, сипаттайтын, бағалайтын құрылымдар. Үш тілдегі түр-түс атаулары әрбір халықтың рухани, адами құндылықтары жөнінде кодталған ақпаратты құрайды.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы. Зерттеу жұмысының теориялық мәселелері мен негізгі тұжырымдары шетелдік және отандық басылымдарда 10 мақала түрінде: оның ішінде 3-уі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитеті ұсынған басылымдарда, 1-уі – Scopus және Web of Science базасына кіретін журналда (Quartile 2; Percentile 56), 6-уы – халықаралық ғылыми конференция жинақтарында жарық көрді.

Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыста 3 кесте мен 11 сурет бар. Әдебиеттер тізіміне 167 атау кіреді.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған еңбектер тізімі

1. Тіл біліміндегі түр-түс атауларын зерттеудің маңызы // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Көкшетау: Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, 2017. – Б. 317-321.
2. Түр-түс атауларының лингвокогнитивтік сипаты//Новината за напреднали наука – 2018. Vol.21. Филологическите науки. – София: «Бял Град БГ» ООД, 2018. – С. 112-117.
3. Түр-түстің ұлттық ерекшеліктері (қоңыр түсінің негізінде) // Scientific horizons – 2018: materials of the XIII international scientific and practical conference. Volume 8. – Sheffield: Science and education LTD, 2018. – Pp. 74-81.
4. Verbalization of the concepts «qonyr» and «sary» in Kazakh language // Вестник Карагандинского университета. Серия филология. – 2018. – №4 (92). – С. 38-44.
5. The colours in the names of medicinal herbs. 6th International Multidisciplinary Scientific Conference on Social Sciences and Arts: SGEM. – 2019. (April 11-14). – Volume 6. Issue 2.1. – Vienna, Austria. – Pp. 299-305.
6. Semantic characteristics of blue color in Kazakh and German languages// Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №2. – Б.118-123.
7. Әртүрлі жүйедегі тілдерде түр-түсті сипаттаудың өрістік ұстанымы // ПГУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №1. – Б. 263-270.
8. Color categories in different Linguistic Cultures//Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. (ISSN 0975-2935). Indexed by Web of Science, Scopus, DOAJ, ERIHPLUS – Vol. 12. – No. 6, December, 2020. – P. 1-13.
9. Туыс емес үш халықтың мәдениетіндегі кейбір түстердің символикасы және танымдық сипаты //С.Мұқановтың 120 жылдығына арналған «Сәбит Мұқанов: тұлға және мұра»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның материалдары. –Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚУ баспасы, 2020. – Б. 116-121.

10. Meanings of color among different peoples //The 13th All-Russian Research and Methodological Conference with International Participation Institute of Foreign Languages (RUDN University) Moscow March 26th.– Moscow: Peoples' Friendship University of Russia 2021. – P. 87-88.